

2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Ақтау қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 76 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 24 ақпанда № 2621 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының, «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабы 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. «Ақтау қалалық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі (С.Д.Тулебаева): мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыруды жүргізуді қамтамасыз етсін; осы қаулының Маңғыстау облысының әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін, оның «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде орналастыруын және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Р.Т. Елтизаровқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Е. Жаңбыршин

« К Е Л І С І Л Д І » :

**«Ақтау қалалық білім бөлімі»
мемлекеттік мекеме басшысы**

2015 жылғы 30 қаңтардағы №76
Ақтау қаласы әкімдігінің қаулысына
қосымша

2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарындағы топтар	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны					Мектепке дейін мөлшері (теңге)	
	Балабақша	Мектеп жанындағы толық күн болатын шағын-орталықтар	Мектеп жанындағы жарты күн болатын шағын-орталықтар	Дербес толық күн болатын шағын-орталықтар	Дербес жарты күн болатын шағын-орталықтар	Балабақша	Мектеп жанындағы жарты күн болатын шағын-орталықтар
1-ден 3-ке дейінгі топтар		375		596			2771
4-тен 5-ке дейінгі топтар	100					26331	
6-дан 7-ге дейінгі топтар	477				40	24346	
8-ден 9-ға дейінгі топтар	195					22971	
10-нан және оданда артық топтар	2460					23409	